

«Қарағайлы кенті ЖББ №16 мектеп»КММ де зорлық  
зомбылықтың,суицидтің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстары  
бойынша есебі

Білімалушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың, суицидтің, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша педагог-психологтардың жұмысында балалардың өмір сүру жағдайларын сауықтыруға, кәмелетке толмағандардың жеке психологиялық – педагогикалық түзетулеріне бағытталған әлеуметтік – профилактикалық шаралардың тұтас кешені бар, олар мыналарды қамтиды:

Құқық қорғау органдарын шақырумен әңгімелесу, дөңгелек үстелде әңгімелесу, тренинг элементтерімен сабақтар өткізу, топтарда түзету — дамыту сабақтарын өткізу, білімалушыларды мектеп жұмысына тарту.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ақпараттық стенді рәсімделді. Барлық ақпарат пен сенім телефондары стендте бар.

Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Қарқаралы ауданының білім бөлімі ММ бұйрығына сәйкес мектеп бойынша бұйрық шығарылды.

Сандық көрсеткіш кестесі алдын алу шеңберінде педагогтер мен қызметкерлерді оқыту аутодеструктивті және әлеуметтік мінез-құлық

| Оқу жылы   | 2022-2023<br>оқу жылы | 2023-2024<br>оқу жылы | 2024-2025<br>оқу жылы |
|--|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| Вахтер ретінде оқудан өткен қызметкерлердің саны | 80                    | 66                    | 52                    |

Білімалушыларды психикалық денсаулық туралы хабардар етуге, олардың проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға және қажеттілік туындаған кезде психологиялық қолдау іздеуді ынталандыруға бағытталған, стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтермен қамту кестесі

| Оқу жылы     | 2022-2023<br>оқу жылы | 2023-2024<br>оқу жылы | 2024-2025<br>оқу жылы |
|--------------|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| Балалар саны | 111                   | 107                   | 104                   |

Тренинг пен дәріс элементтері бар сабақтар басқарылатын пікірталас форматында өтті және мысалдарға, сұрақтарға және тақырыптарға негізделген. Психолог білімалушыларды талқылауға қатысуға тартты, бұл жағдайлардың адамдарға қалай әсер ететінін және мәселелерді әртүрлі жолдармен шешуге болатындығын атап өтті. Соңында психолог олардың назарын психологиялық қолдау қызметтерінің, ұйымдардың және

мамандардың байланыс деректері мен телефон нөмірлері бар брошюраның соңғы беттеріне аударды, осылайша олар қайдан және қалай көмек таба алатынын білді.

## **Суицид фактілерінің алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралары бойынша Анықтама**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Суицид фактілерінің алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралары бойынша біршама жұмыстар жүргізілді. Психолог Сексенова А.Т. қазан, қараша айлары педагогтер мен қызметкерлерге арналған «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың профилактикасы» атты семинар-тренингтерін өткізді. 6-8 сынып оқушыларының ата-аналарына жауапкершілік мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстары өткізілді. 6-10 сыныптарға стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту мақсатында ойын, жаттығулар арқылы психологиялық тренингтер өткізілді. Балалардың зорлық-зомбылығы мен аутодеструктивті мінез-құлқының алдын-алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында психологиялық ағарту бойынша ақпараттық сабақ берілді. Онда синтетикалық наркотиктер, вейп темекінің қаупі, құқық бұзушылықтың алдын алу, терроризм және телефон арқылы жалған ақпарат беру туралы бейнероликтер мен слайдтар көрсетіліп, талдау жұмыстары жүргізілді. 11 сынып оқушыларына қолдау көрсету, мотивация беру мақсатында сынып жетекшімен бірлесе «Ерік жігері күшті адам – нағыз мықты адам» атты мотивациялық сабақ өткізілді. 7-10 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу, одан сақтану жолдары» тақырыбында мектепшілік қыздар жиналысы өткізілді. Онда ерте жүктіліктің алдын алу, тазалық, қыздар гигиенасы, тәртіп, кешкі жүріс, мектеп формасы, т. б. Мәселелер қарастырылды. Желтоқсан айында буллингке байланысты 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Жоспар бойынша «Жақсы ой – жақсылыққа жетелейді» 10-11 сыныппен психологиялық жаттығулар, «Менің жарқын болашағым» 5 сыныппен дамыту сабақтары жүргізілді. Нашақорлықтың алдын алу, есіртіге қарсы күрес тақырыбында ата-аналармен бірлескен жоғарғы сынып оқушыларының арасында ІІМ мен кент ауруханасының маманымен кездесу өтті. Қарқаралы ішкі істер бөлімінің тергеушісі Жұмағазы Қ.Б. біріге 5-11 сынып ұлдарының арасында «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу» тақырыбында құқықтық сағатпен бастап, оқушыларға мағлұматтар берілді. 8-11 сынып оқушыларына деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Бала құқығы», «Мен зорлыққа қарсымын» слайдтары көрсетіліп, ағарту жұмыстары жүргізілді. 5-9 сынып жетекшілермен біріге отыра жыныстық қолсұғылмаушылық тақырыбында сынып жиналыстарын өткізіп, кеңестер берді. «Қауіпті балалар» тобын

анықтау мақсатында 7-11 сыныптардан СБА тесті алынды. Суицидке бейімді оқушы анықталған жоқ. «Стреске төзімділік пен эмпатияны дамыту және стрестен қалай арылам?» тақырыбында 6-11 сынып оқушыларына психологиялық сабақ жүргізілді. Мектепішілік 1-11 сынып ата-аналар конференциясында «Баланың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін ата-аналардың жауапкершілігі және отбасындағы тәрбие маңызы. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері» слайды көрсетіліп, талданды және «Отбасындағы қарым-қатынас, мейірімділік пен адамгершілікте» тақырыбында психологиялық жаттығулар жүргізді. Әлеуметтік педагог Аубакирова Н.А. және психолог Сексенова А.Т. сынып жетекшілермен біріге отыра білім алушылар контингентінің әлеуметтік паспорты бойынша АСППМ базасын жаңартып, толтырып отырды. Қаңтар айында 11 сынып ата-аналары мен баланың қарым-қатынасын анықтау, балаларына қолдау көрсету, стреске төзімділік, депрессиядан арылуға жол бермеулері туралы ақпаратты кеңейту мақсатында «Күйзеліске төзімділік» тақырыбында ойын, жаттығулар арқылы психологиялық кеңестер берілді. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушыларынан «Стресс саған қалай әсер етеді?» Э.Ховардтың сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды. «Мен өмірді таңдаймын» 8 сынып, «Дос болып жүрейікші» 5 сынып ойын жаттығулары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар бойынша «тәуекел топқа» жататын оқушы анықталған жоқ.

### **Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шараларына АНЫҚТАМА**

2022-2023. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында «Зорлық-зомбылық, балаға қатыгез қараудың алдын алу» бойынша жоспар құрылып, жоспар бойынша біршама жұмыстар жүргізілді. Бекітілген жоспар бойынша психолог Сексенова А.Т. 8-11 сынып білім алушылармен «Кибербуллинг», «Сенім телефондары», «Сенім жәшігі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне «Кибербуллинг, буллинг» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Психолог Сексенова А.Т. сынып жетекшілермен біріге отыра білім алушылар контингентінің әлеуметтік паспорты бойынша АСППМ базасын жаңартып, толтырып отырды.

Қазан айында 5-11 сынып оқушыларынан зорлық-зомбылыққа қатысты сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Қараша айында 7 сынып оқушылармен «Буллинг және кибербуллинг» жайлы әңгіме жүргізілді. Ата-

аналар жиналыстарында «Балалар ортасындағы бұзақылық, психикалық күйзелістерге әкелетін оқушылардың өміріндегі елеулі өзгерістері» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді. Балалардың зорлық-зомбылығы мен аутодеструктивті мінез-құлқының алдын-алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында психологиялық ағарту бойынша ақпараттық сабақ берілді. Онда синтетикалық наркотиктер, вейп темекінің қаупі, құқық бұзушылықтың алдын алу, терроризм және телефон арқылы жалған ақпарат беру туралы бейнероликтер мен слайдтар көрсетіліп, талдау жұмыстары жүргізілді. оқушы. 8-11 сынып қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу, одан сақтану жолдары» тақырыбында мектепшілік қыздар жиналысы өткізілді. Онда ерте жүктіліктің алдын алу, тазалық, қыздар гигиенасы, тәртіп, кешкі жүріс, мектеп формасы, т. б. мәселелер қарастырылды. Желтоқсан айында буллингке байланысты 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Жоспар бойынша «Жақсы ой – жақсылыққа жетелейді» 10-11 сыныппен психологиялық жаттығулар, «Менің жарқын болашағым» 5 сыныппен дамыту сабақтары жүргізілді. Оқу жылының басын ТІЖО-ы Көшенова Ж.Қ., Қарқаралы ішкі істер бөлімінің тергеушісі Жұмағазы Қ.Б. біріге 5-11 сынып ұлдарының арасында «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу. Бопсалау. Көшеде жүру уақыты мен тәртібі, т.б.» тақырыбында құқықтық сағатпен бастап, оқушыларға мағлұматтар берілді. Ватсап желісі арқылы «Буллинг және кибербуллингтен қорғау» бойынша психолог Сексенова А.Т. презентация дайындап, 6-11 сынып оқушыларына ұсынылды. Сынып жиналыстарында қосымша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, ата-аналар чатында «Менің бақытты отбасым», «Жанұяда зорлық-зомбылыққа жоқ дейміз!» тақырыбында презентация, бейнероликтер жіберіліп, қашықтықтан түсіндірме, ақпарат жұмыстары өткізілді. 8-11 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Бала құқығы», «Мен зорлыққа қарсымын» слайдтары көрсетіліп, ағарту жұмыстары жүргізілді. 5-9 сынып жетекшілері психологпен біріге отыра қазан айында жыныстық қолсұғылмаушылық тақырыбында сынып жиналыстарын өткізіп, кеңестер берді. Балалардың зорлық-зомбылығы мен аутодеструктивті мінез-құлқының алдын-алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында психологиялық ағарту бойынша ақпараттық сабақ берілді. Онда синтетикалық наркотиктер, вейп темекінің қаупі, құқық бұзушылықтың алдын алу, терроризм және телефон арқылы жалған ақпарат беру туралы бейнероликтер мен слайдтар көрсетіліп, талдау жұмыстары жүргізілді. Психолог Сексенова А.Т. 8 сыныптарда «Зорлық-зомбылықсыз бақытты балалық шақ» тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырды. Құқық қорғау орган қызметкерлерімен 5-11 сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылып, көше тәртібі, кешкі бейсауат жүріс, кәмелетке

толмағандардың мотоцикл, машина рульдеріне отырмау, бопсалау және т.б. түсініктемелер берілді. Сәуір айында «Бала саудасы- қоғам проблемасы» тақырыбында 7-10 сыныптар арасындағы жиналыста түсіндірме жұмыстары жүргізілді.